



## 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Хореография өнері саласында педагогикалық, шығармашылық қызметін жүзеге асыру үшін, іргелі білімге ие, әлеумет... мәдени қажеттіліктері мен қатар халықтың түрлі әлеуметтік топтарының ескере отырып, еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарын қарастыра отырып, ҚР Білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.

### 1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

**Бағдары:**

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

**Миссиясы:**

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

**Бағдарламалық мақсаты:**

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

**Құндылықтары:**

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

**Университет түлегінің атрибуттары:**

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

### 1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Қазақстан Республикасының қазіргі даму кезеңінде, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, білім беру саласы сияқты әртүрлі салаларда болып жатқан түбегейлі өзгерістер жағдайында жаңа формациядағы адамды тұтас және жан-жақты тәрбиелеу мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Қоғамда жаңа тәсілдер мен стандартты емес шешімдерді қолдана отырып, олардың алдында туындайтын өзекті мәселелерді өз бетінше шешуге және өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті зияткерлік, жан-жақты дамыған және шығармашылық тұлғаларға деген қажеттілік өсуіп келеді. Осы тұрғыда, хореография өнерінің тұлғаның қалыптасуы мен дамуындағы рөлі ерекше. Сонымен қатар, өскелең ұрпақтың адамгершілік-эстетикалық келбетіне идеялық-эмоционалдық әсер ету ауқымын кеңейтіп, рухани өмірінде үлкен рөл атқарады. Осыған



байланысты, болашақта жан-жақты болатын педагог-хореограф мамандарына қажеттілік туындады.

#### 1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	Қазақ ұлттық хореография академиясы (Қазақстан, Астана)
Қосдипломды бағдарлама	-
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	Орындаушылық шеберлік

#### **Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі**

Жетекші жоғары оқу орындарының ОБ ұқсастығы Н. Г. Чернышевский атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік университетімен 40% сәйкес келуі.

#### 1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

6B02102-Хореография білім беру бағдарламасы бойынша өнер бакалавры кәсіби қызметтің мынадай түрлерін орындай алады:

- шығармашылық, орындаушылық жұмысты, қоюшы балетмейстердің, хореограф-репетитордың жұмысын қамтитын;
- ұйымдастыру-басқару, хореографиялық ұжымның менеджері, шоу-бағдарламаларды ұйымдастырушы, әкімші, шығармашылық ұжымдардың директорлары;
- білім беру (педагогикалық): орта оқу орындарында, өнер колледждерінде, жалпы білім беру мекемелерінде, өнер мектептерінде, студияларда, оқушылар үйлерінде, мәдениет сарайларында, балалар ұйымдарында, ансамбльдерде, мектепке дейінгі мекемелерде, қосымша білім беру мекемелері мен клубтарда (спорттық, ауылдық, қызығушылықтары бойынша аулалар және т. б.)

6B02102-Хореография білім беру бағдарламасының түлегі өнер колледждеріне, оқушылар үйлеріне, сарайлар мен мәдениет үйлеріне, балалар ұйымдарына, студияларға, клубтарға, білім беру және мәдени - әлеуметтік бейіндегі мекемелерге басшы, педагог-хореограф болып жұмысқа орналасуға мүмкіндігі бар.

#### 1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

##### **1 кәсіби құзыреттілік саласы**

Би өнерінің негізгі бағыттарында орындаушылық дағдыларды көрсете алады.

##### **2 кәсіби құзыреттілік саласы**

Мәдениет және өнер мекемелерінде табысты педагогикалық және шығармашылық қызметті ұйымдастыруда оқыту теориясы мен әдістемесін, креативті және сын тұрғысынан ойлауды меңгерген.

##### **3 кәсіби құзыреттілік саласы**

Оқу комбинацияларын, этюдтерді, би композицияларын сауатты құрастыра алады және репетиторлық, балетмейстерлік жұмыс дағдыларын меңгерген.

#### 1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ОН 1** - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.



**ОН 2** - Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

**ОН 3** - Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

**ОН 4** - Негізгі базалық және кәсіптік пәндер саласында инновациялық әдістер мен жан-жақты білімді қолдана отырып, кәсіби қызметтегі мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізеді.

**ОН 5** - Тұлға ретінде өсу үшін талдау жасайды және ой елегінен өткізеді, хореографиялық өнер саласында өзінің кәсіби деңгейін жетілдіреді және дамытады.

**ОН 6** - Драматургия заңдылықтары мен балетмейстерлік өнер композициясы негізінде ұжымдағы шығармашылық белсенділікті дамытудың креативті әдістерін (көркем, музыкалық) техникалық құралдар мен сахналық жабдықтарды пайдалана отырып, әртүрлі жанрдағы би жобаларын жасай алады.

**ОН 7** - Мәдениет пен өнердің қосымша білім беру мекемелерінде мәдени іс-шараларды ұйымдастыру дағдыларын меңгерген, балалармен оңай тіл табысады және би өнеріне оң көзқарасты тәрбиелейді.

**ОН 8** - Шығармашылық ұжымда инклюзивті орта мен эмоционалды тұрақты атмосфера құра алады, заманауи коммуникация ресурстарын: жеке имидж мен мінез-құлық этикетін құру технологияларын, командада жұмыс істеу дағдыларын меңгереді.

**ОН 9** - Шығармашылық, ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыруда сыни және креативті ойлайды, кәсіби салада, оның ішінде шет тілінде академиялық жазу және зерттеу нәтижелерін таныстыру дағдыларын меңгерген.

**ОН 10** - Классикалық, халықтық-сахналық және қазақ билерін оқыту әдістемесін меңгерген. Педагогикалық және кәсіби қызметте теориялық және практикалық білімді қолдана алады.

**ОН 11** - Өз елінің азаматы мен патриоты ретінде кәсіби қызмет ету кезінде адалдықты, шынайылықты, еңбекқорлық пен парасаттылықты көрсетеді.

### БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11
ТА1	+	+	+		+						
ТА 2	+	+	+					+			+
ТА 3	+	+	+	+	+				+	+	
ТА 4	+	+	+			+	+	+	+		
ТА 5	+	+	+		+					+	
ТА 6	+	+	+					+			

### 1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

**Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:**

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 шілдедегі № 28916 болып тіркелді.
2. Мәдениет және өнер саласындағы салалық біліктілік шеңбері, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиясының 2016 жылғы 25 тамыздағы № 3 хаттамасымен бекітілген.



3. Хореография және Арт-менеджмент кафедрасының 2023 жыл 10 наурыз №8 хаттамасында, 6B02102-Хореография білім беру бағдарламасы жұмыс берушілермен талқыланды.

### **3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РЕСУРСТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ**

#### **3.1. КІТАПХАНА ҚОРЫ**

Білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлау сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі студенттердің оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық, көркем әдебиеттермен және мерзімді басылымдармен қамтамасыз етілуі болып табылады.

2022 жылдың 1 мамыр айына қарасты 6B02102-Хореография білім беру бағдарламасы бойынша кітапхананың қоры 12900 дана, оның ішінде мемлекеттік тілінде 9675 дана, орыс тілінде 3101 дана, ағылшын тілінде 124 дана.

Университет кітапханасы білім алушылар мен профессорлық оқытушылық құрамның IPR books, Polpred, Alembok, Web of Science, Elsevier (Scopus) мәліметтер базасына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

ҚР жоғары оқу орындарының электрондық білім беру және ғылыми ресурстарын біріктіретін республикалық ЖОО аралық электрондық кітапханаға (РЖООАЭК) қол жеткізілген.

2010 жылдан бастап кітапхана ҚазҰлтҚызПУ студенттеріне дәстүрлі форматтағы магистрлік диссертациялардың мазмұнымен танысуға мүмкіндік береді (150-ден астам атау), олардың жартысы бүгінгі күні PDF-форматқа ауыстырылды.

Сондай-ақ, студенттер компьютерден электрондық кітапханаға қолжетімділікті қамтамасыз ететін «ҚазҰлтҚызПУ электронды кітапханасы» қызметін әлемнің кез келген нүктесінен 24/7 форматында пайдалана алады. (сайт мекенжайы: [lib.kazmkpu.kz](http://lib.kazmkpu.kz)). Электронды кітапхана базасында студенттерге ұсынылатын толықмәтінді қайнар көздердің 10000-ға жуық бірлігі, лицензияланған кітаптардың 1000-нан астам бірлігі, кітапхана қызметкерлері сканерлеген 6676 бірлік, ал 300-ге жуық кітап сирек қор көздеріне жатады.

#### **3.2. КАДРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Білім беру бағдарламасы «Хореография және мәдени-тынығу жұмысы кафедрасымен жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасына қызмет көрсететін ПОҚ сандық және сапалық көрсеткіштері (базалық және бейіндік цикл пәндері):

ПОҚ жалпы саны - 5 адам, оның ішінде:

PhD Докторлар. –1

Магистр –3

Кафедраның ғылыми әлеуеті – 20 %.

Білім беру бағдарламасының профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары **Кадрлық анықтамалығында** көрсетілген.

#### **3.3. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА**

Университеттің қазіргі заманғы әлеуметтік инфрақұрылымы бар. Жалпы ауданы 23458,8 ш.м. және пайдалы ауданы 13215,6 ш. м. 3 оқу корпусы бар, оқу корпустарында буфеттер, асхана жұмыс істейді. Қазіргі уақытта университетте 5 интерактивті дәріс залы, 37 мамандандырылған мультимедиялық кабинет, оқу зертханалары мен лингафон кабинеттері жұмыс істейді. Басқа қаладан келген студенттер жатақханамен қамтамасыз етілген. ҚазҰлтҚызПУ-дың меншігінде жалпы ауданы 23111,6 ш.м. 6 жатақхана, сондай-ақ бір Студенттер үйі бар. Университет аумағында медициналық орталық, бассейн, спорт залы, кітапхана, «Жан Шуағы» психологиялық орталығы жұмыс істейді.



«Б02102 Хореография» білім беру бағдарламасы бойынша 2 хореографиялық залы, дәрiс аудиториясы бар, жалпы ауданы: 272,3 ш. м.

Әрбiр студенттiк үйде тұру үшiн қажеттi жағдайлар жасалған, жатақхана жұмысын үйлестiру бөлiмiнiң қызметкерлерi түрлi мәдени-бұқаралық, спорттық iс-шаралар, конкурстар өткiзедi. Мүмкiндiгi шектеулi студенттер үшiн лифтiлер, пандустар бар. Әрбiр студенттiк үйi жабдықталған жаттығу залымен қамтамасыз етiлген.

Университетте қауiпсiздiк, есеп және азаматтық қорғаныс бөлiмi жұмыс iстейдi. Қоғамдық тәртiп пен материалдық базаның сақталуын университеттiң күзет қызметi қамтамасыз етедi.

#### *Практика базалары:*

№	Ұйымның (мекеменің) атауы	Келісімшарттың №, келісілген күні, айы, жылы
1	Алматы қаласы Білім басқармасының «№7 Оқушылар үйі» МКҚК	№ 14, 06.09.2021ж.

#### **4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

№	Іс-шараның мазмұны	Іске асыру мерзімі	Жауаптылар
<b>Оқу-әдістемелік бағыт</b>			
1	Білім беру бағдарламасына енгізілген жаңа пәндердің оқу-әдістемелік кешендері мен силлабустарын әзірлеу	2023	Кафедра мңгеруші, ПОҚ құрамы
2	Жаңа пәндер бойынша әдістемелік басшылық пен оқу-әдістемелік құралдар дайындау	2023-2024	Кафедра мңгеруші, ПОҚ құрамы
<b>Ғылыми-зерттеу бағыты</b>			
1	Хореография саласының өзекті мәселелеріне арналған мақаланы жариялауға дайындау.	2023-2024	Кафедра мңгеруші, ПОҚ құрамы
2	Республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар үшін баяндамалар дайындау және баяндама жасау.	2023-2024	Кафедра мңгеруші, ПОҚ құрамы
3	Зерттеу жобасын дайындау.	2023-2024	Кафедра мңгеруші, ПОҚ құрамы
4	СҒЗЖ шеңберінде қазіргі заманғы би өнерінің мәселелеріне қатысты тақырыптар бойынша студенттік жобалар мен спектакльдер дайындауды ұйымдастыру.	2023-2024	Кафедра мңгеруші, ПОҚ құрамы
<b>Тәрбие бағыты</b>			
1	Студенттердің университеттік, қалалық, республикалық және халықаралық іс-шараларды (конкурстар, фестивальдар, форумдар және т.б.) ұйымдастыру және қатысуы.	2023-2024	Кафедра мңгеруші, ПОҚ құрамы
<b>Біліктілікті арттыру</b>			
1	ПОҚ білім беру бағдарламасына жаңа пәндерді енгізуге байланысты бағыттар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтуін ұйымдастыру	2023-2024	Кафедра мңгеруші, ПОҚ құрамы
<b>Кәсіптік бағдар беру жұмысы</b>			



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және Өнер институты

<b>1</b>	Мәдениет колледждерінде және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарында үгіттеумен таныстыру әңгімелерін өткізу	2023-2024	Кафедра мнгеруші, ПОҚ құрамы
----------	---	-----------	---------------------------------